За последние годы возросла сеть школ с казахским языком обучения. В прошлом учебном году в районе функционировало 48 школ, из них 28 казахских, 3 русские, 17 смешанных. Это говорит об огромной важности работы районного отдела образования в связи с дальнейшим претворением в жизнь Закона «О языках», реализации государственной программы развития казахского языка и других национальных языков. На сегодняшний день работает 78 учителей казахского языка, из них 47 - казахских классов, 31 - русских.

Перед учреждениями образования района стоит задача по реализации трех стратегических государственных программ.

Первая из них всеобщая. Эта задача поставлена Президентом страны как важнейшая. В настоящее время благодаря общим усилиям учреждений образования, сельских акиматов, ИДН и администрации района проблеме всеобщего образования удалось решить. Но на повестке дня теперь стоит другой вопрос: ежедневное посещение школы детьми из неблагополучных, малообеспеченных семей. Причины пропусков уроков разные, на-

чальная Р. Буд-Гусайм, специалист по социальным вопросам, перехватившая инициативу разговора. - Комбайнеры работают слаженно, добиваются высоких показателей. К примеру, такие маяки, как Анатолий Соколов и Мурат Сериков служат примером, задают тон в работе. Собственно, Анатолий Григорьевич уже зажег третью звезду. А Мурат Ергалиевич близок к этому рубежу. Вообще должна заметить, что это один из самых действенных методов моральной поддержки комбайнеров, подъема их духа. По крайней мере у нас он дает заметный эффект в повышении производительности труда. То, что такие комбайнеры, как Каримтай Бекмагамбетов, Канат Толбаев, Александр Дайнеко, Асан Бакишев идут с перевыполнением дневного задания и уже в преддверии зажигания второй звезды, тому яркое свидетельство. Конечно, их бесперебойная работа и высокая выработка все-таки зависят от оперативности транспортников, занятых на вывозке зерна. Здесь достойной похвалы заслуживает Канат Анишев, водитель КамАЗа, значительно перекрывающий дневное задание. С опережением работают также механизаторы Асылхан Сериков на МТЗ-80 и Борис Бейзе - на ЮМЗ, на счету у которых почти по 300 тонн перевезенной продукции.

Общезвестно, - продолжает Раиса Николаевна, - то, что влияет на настрой людей материальная поддержка, оказываемая им работа. В этой связи должна особо подчеркнуть о том внимании, которое проявлено руководством хозяйства во главе с Зейнуллой Алиапаровичем Алиапаровым. К примеру, директор и сегодня в отъезде, поехал в Караганду за двигателем комбайна, вышедшего из строя в разгар страды. Так все время, больше на колесах, чем в хозяйстве. Хотя благодаря хваткости и деловитости руководителя коллектив обеспечивается всем необходимым. Во-первых, перед началом жатвы люди получили живые деньги в виде аванса. На каждого работающего выделены, в счет зарплат, по мешку сахара и муки, макаронных изделий. Во-вторых, более чем на 100 тысяч тенге закупили для учащихся - детей членов ТОО школьные принадлежности. Так что участникам уборки нет никаких оснований на обеспокоенность бытия, решения семейных нужд. Ко всему они прекрасно понимают то, что по итогам жатвы их ждет главный стимул года. Естественно, как говорится, каждый будет отмечен по труду. А разработанным стимулированием предусматриваются вознаграждения как натуроплатой, так и дорогостоящими ценными подарками. Байтуғанцы еще до начала сентября успешно закончили уборку ячменя, который послед намного раньше основной культуры. Валовой сбор составил без малого 800 тонн. В данное время идет обработка продукции для последующей отправки на приемные предприятия. К обмолоту пшеницы приступили третьим днем текущего месяца. В работе находится 9 комбайнов, которые выборочно убирают подошедшие хлеба возле Жанакурлуса. Нарастают темпы намолота, зажигая все новые звезды, маяки жатвы-2002.

Войдя в контору ТОО «Байтуған» не заметишь экран страды, просто невозможно. Потому что нарисованные на нем звездочки сразу бросаются в глаза. Просто, как в бывалые времена, фамилии передовиков и напротив звездочки, оповещающие их достижения по намолоту зерна. Однако взгляды в него толком не пришлось. Обратил внимание громкий говор из открытой напротив двери.

В небольшом рабочем кабинете шел оживленный разговор. Женщины, представляющие различную службу ТОО, обсуждали тему дня. Это было видно и потому, как они охотно переключили к нам. Честно говоря, их достоверная осведомленность о ходе жатвы, даже удивила. Хотя чему удивляться, если сегодня все живут одним желанием: быстро и без потерь убрать выращенный урожай.

Выдели на экране нарисованные звездочки?! - начала Р. Буд-Гусайм, специалист по социальным вопросам, перехватившая инициативу разговора. - Комбайнеры работают слаженно, добиваются высоких показателей. К примеру, такие маяки, как Анатолий Соколов и Мурат Сериков служат примером, задают тон в работе. Собственно, Анатолий Григорьевич уже зажег третью звезду. А Мурат Ергалиевич близок к этому рубежу. Вообще должна заметить, что это один из самых действенных методов моральной поддержки комбайнеров, подъема их духа. По крайней мере у нас он дает заметный эффект в повышении производительности труда. То, что такие комбайнеры, как Каримтай Бекмагамбетов, Канат Толбаев, Александр Дайнеко, Асан Бакишев идут с перевыполнением дневного задания и уже в преддверии зажигания второй звезды, тому яркое свидетельство. Конечно, их бесперебойная работа и высокая выработка все-таки зависят от оперативности транспортников, занятых на вывозке зерна. Здесь достойной похвалы заслуживает Канат Анишев, водитель КамАЗа, значительно перекрывающий дневное задание. С опережением работают также механизаторы Асылхан Сериков на МТЗ-80 и Борис Бейзе - на ЮМЗ, на счету у которых почти по 300 тонн перевезенной продукции.

Администрация и педагогические коллективы школ провозглашают систематическую работу по оказанию помощи, активизируют свою работу в ходе благотворительной акции «Забота», принимают все возможные меры по обеспечению детей горячим питанием. В течение учебного года 7258 учащихся были охвачены питанием, из них 2404 питались бесплатно. В наступающем учебном году необходимо увеличить число учащихся, охваченных горячим и общественным питанием.

Вторая программа: информатизация. На конец учебного года все школы были компьютеризированы, три школы райцентра имеют доступ в Интернет. Следующий этап - информатизация учебно-воспитательного процесса, внедрение электронных учебников.

Третья программа: новое поколение учебников. Данная программа намечена в связи с тем, что начальные классы 4 года обучаются по новым учебникам в соответствии с внедрением новых государственных стандартов образования.

С.Н. Сагимбеков в своем докладе коснулся также многих других вопросов системы образования района, подчеркнув, что «задача поставлено много. Но самая основная - высокое качество обучения и воспитания учащихся. Школа - не конвейер и не массовое производство, а сфера создания широко мыслящих индивидуальностей. У нас мощный интеллектуальный потенциал. Мы убеждены, что нам сообщено по плечу воспитать и обучить молодое поколение, достойное суверенного Казахстана XXI века».

О проблемах и задачах, стоящих перед учительством района, говорили в своих выступлениях также аким района Д.М. Кусайнов, главный специалист облДОВ А. Сорочкина и заместитель акима района А. К. Есмагамбетова.


За заслуги в воспитании и обучении подрастающего поколения лучшие педагогические работники были представлены к наградам Министерства образования и науки Республики Казахстан. Так, за безупречный труд в системе образования и достигнутые результаты в обучении и воспитании подрастающего поколения Почетной грамоты Министерства образования и науки РК была удостоена Г.Р. Бер-

Л. ГОРДИЕНКО.

БӨРШІЛЕР БАС ҚОСТЫ

"ӨЛІ РАЗЫ БОЛМАЙ, ТІРІ БАЙЫМАЙДЫ"

"Алашым Әліке - Базар батыр өткен Батырға Әліке - Базар кім бар жеткен"
(құлыптастағы жазу).



Егемендігіміздің баянды болғаны деп әр ел өз өңірінде өткен-кеткенін түгендеп, төрт құбыласына көз салып бас бірліктерін жасауы, теңдессіз мақтанышқа айналғанын айтсақ сөзге саяды. Теңіз, Қорғалжын т.б. манайындағы елді мекендерде бүгінде Темеш, Бөрші, Алтай, Тіңәлі ұрпақтары тұратынын білдік. Қайта құру, жариялылықтың арқасында аты аңызға айналса да, баяғыда ұмыт болған батыр бабаларымыздың қайтадан есімдері жаңғыруына сай

Қара Керей-Қабанбай, Қанжығалы-Бөгенбай, Исатай бастаған ел намысын қорғаған батырлар халық құрметіне бөленіп, есімдері жалпақ жұртқа тарай бастады. Осы тұста теңіздіктер де тағы бір ерлік іс жасады. Нарықтың қиыншылығын белшесінен басып тұрып, намыстың туын көтерді. "Сары-Өзен" ауылының батысына ала өздерінің адал ұлдары, елі үшін жан берген Кенесары ханның қос батыры, иісі қазаққа, орта жүзге, соның ішінде күллі Арғын баласына ортақ Бөршінің даңқты қос құлыны Әліке-Базардың Тікенекті қорымында жатқан мүрдесіне бас иіп, құран бағышлап ас берді, көк түсті мрамордан құлыптас орнатты. Аруақты батыр бабаларымыздың үрім-бұтақтары, Бөрші руының игі жақсылары қос сарбаздың денесі ешқандай белгісіз, атаусыз жатқанын ар санады. Әр салт-санамызға, ұрпақ тәрбиесіне лайықты емес екені жандарына бақтанып соның нәтижесінде Тікенекті қорымындағы батырлар бейітінің төменгі тұсына қаздай тізілтіп қазақтың алты қанат ақшанқан ордаларын тігіп, жотаның баурайына әдейілеп тұрып дала сахнасын жасады. Елордамыздан бері қарай Қорғалжын, Теңіз, Нұра өңірінен барған қос батырдың ұрпақтары осында қуанышпен қауышып кеуделерін түйістірді.

Салтанатты рәсімді ашып қысқа сөз сөйлеген "Сары-Өзен" шаруа қожалығының төрағасы Абилдин Рамазан Мұхатайұлы былай деді: - Жиналған қауым, Әліке-Базар бабаларымыздың ұрпақ-жұрағаттары бүгінгідей табиғаттың тамылжыған күні аты-жауап белгісіз болып мынау аяқ алғысыз қорымның ішінде қалған батыр аталарымыздың басына тәу етуге келген сіздерді құрмет тұтып барлығымыз бір кісідей жұмылып мынау құлып тасты орнатып, құран бағыштап, бір-бірімізді етене танысақ, құлаңтөпес кү мекенін далада жатқан бабаларымыздың аруағы бір аунап түспесіне кім кепті. Мұндай үлкен істің бастамасын көтерген, Базар батырға ас беруді ұйымдастырушылар Бөрші руының азаматтары астаналық Айтпай Темкен баласы, №1 автобус паркінің бас директоры Байбеков Абсамат Нұрлыбайұлы екеуі қос батырға арналған екі бірдей аса құнды құлыптасты өздері жасатып өкелді. Олар намысқа қызды. "Ерді-намыс, қоянды-қамыс өлтіреді" демекші, қазақ халқының патшалық Ресейға қарсы ұлт азаттық қозғалысының даңқты қолбасшысы Кенесары Қасымұлының туғанына 200 жыл толуына орай ел көлемінде атап өтуге байланысты, оның қос батыры Әліке-Базардың да ескеруісін қалмауын ойластырған олар қолдан келген жақсылықтарын аямай ас беруді, батырлар даңқын көтерудің жәні бөлек екенін сөзбен емес іспен көрсетті. Оларға дүйім жұрттың атынан рахмет айтылды. Сондай-ақ, батырлардың ұрпағы Дәулет Төлеубаев пен Аманжолды Шахманның да еңбегін бағалады. Олар "Әліке, Базар" асының нағыз демеушілері, - деді бүгінгі Бөршілер құрылтайының төрағасы, "Сары-Өзен" шаруа қожалығының президенті Абилдин Рамазан Мұхатайұлы.

Бабаларының аты тарихта қалып "Қос батыр" атанған Әліке, Базар ұрпақтары дәл осында жатқан Мөнхө есімді әулие аталарының басына да құлыптас қойылғанына ерекше қуанды. Сөз алушылар бірінен соң бір санқылдады. Алланың, аруақты батыр бабаларының құлағына шалынғай, - деп тебіренгендердің бірі Ысқақов Тілеубек есімді азамат былай деді: - Қазақ тарихы бұрмаланып, батырлар есімі белгісіз қалған кенестер үкіметінің тарихын оқыған ұрпақтар өкіліміз. Заманымыз, Егемендігіміз әперген теңдессіз теңдігіміз арқасында бүгін Тікенектегі бабалар бейітінің басына жиналып ас берудеміз. Бүгін күллі Бөршілер руынан тараған Әліке, Базар батырлардың ұрпақтары біздер бес жүзге жуық адам жиналып бет сипалдық. "Ақ түйенің қарны жарылып", Кенесары, Наурызбай бастаған ұлт азаттық қозғалысының хандар диаспорасының ең соңғы өкілі "Қос батырдың" - Әліке мен Базардың, Мөнхө әулиенің мүрдесі жатқан жерде аруақты батыр аталарымыздың аты аталып, қайта жаңғырып ұрпақтары ас беріп, бастарына құлыптас орнатуы үлкен өнеге. Бүгін мына дала дүр сілкінді. Мұндай өділ бағаны Тәуелсіздігіміз сыйлады. Доскей Әлімбаев жырлағанындай "Кенесары" поэмасында былай делінген:

*Қазақтың жиып батырын
Басын қосып жинаптың
Қолды түзеу көк найза
Желкесін жаудың қиятын
Арғыннан шыққан Ағыбай
Шапырашты Бұғыбай
Толқыта найза сілтеген.
Шәкір, Жәке, Төлеубай,
Аза қуат беретін
Әліп батыр Әлімбаев
Туған інім Наурызбай,
Қайратты қалай тыйайын
Атамның еді жолдасын
Қарт Бөгенбай бар еді
Соған барып дос болған
Тарақтыда Байғозы,
Назымды соған құяйын.
Төртуылда Жанайдар
Жиһан асқар ер еді,
Тамдағы танашты
Шақырсам ол да келеді.
Базар батыр Бөршіде
Ерегескен дұшпаның
Тек жазасын береді,*

- дейді осы жиында қысқаша хабарлама жасаған зейнеткер-ұстаз Өміртай Сыздықұлы. Ол қос батырды зерттеуші, ел ішінде осы салада еңбектеніп жүрген білімдар тарихшы. Өмекен дүйім жұртқа Кенесарының қолында азаттық үшін күрескен Базар батыр жөнінде егжей-тегжейлі баяндады. Ал Әліке батыр онымен әрдайым үзентілес жүреді, бірін-бірі толықтырып отырады. Ұзақ жылға созылған патшалық Ресейге қарсы ұлт азаттық со-

ғысында Базар батыр Кенесары әскерінің жүз басы, кейіннен мың басы болған. Ол әрдайым ерлігімен көзге түскен. Базардың көзсіз батырлығына тәнті болған Кенесары хан бір ұрыста қолға түскен. Құланда есімді тұтқын сулу қызды Базар батырға сыйға тартқанды. Бұл оқиға Ереймен өңірінде болса керек. Одан Жолдыбай деген ұл туып, оның ұрпақтары өсіп өнген өзі бір ауыл болыпты. Бұл оқиғаны Әліке батырдың ұрпағы Мұсылманбек айтып отыратын. Ереймендік ақиық ақын Олжабай Нұралын "Жауынгерлік заманда" деген толғауында былай жырлайды.

*"Бірегей ер жүректі асыл туған
Әлімнің бетке ұстар асылдары
Тасадан жау келгенде қарсы тұрған
Арқаның Әліке, Базар батырлары"*

- бүгінгі күні үш жүздің, ісі қазақтың мақтанышы "Атына заты сай", "Әліке, Базар" асын ұйымдастырып "Қос батырдың" жұрағаттарын біріктірген бүгін жиынды ұйымдастырушылар манағы Бөрші руының бетке ұстар бел балаларына зейнеткер ұстаз, белгілі зерттеуші Өміртай Сыздықұлы үлкен алғыс жолдады.

Бүгінгі "Қос батырдың" ас беру рәсмінде сөз берілген Базар батырдың осындағы ұрпағы Дәулет Мұсылманбекұлы Әлімов көзі ашық, көкірегі ояу Теңіз өңірінің білімдар азаматы. Ержүрек батыр бабасы туралы ең көп білетін жан. Ол жиналған қауымға, аруақты ата бабаларының рухын көтеріп, қайта жаңғыртып жатқан Айтпай, Дәулет, Әбсамат інілеріне жүрек жарды қуанышын жеткізді. Осы істің басында жүріп көптен бөліскен игі істің көңілдегідей өтуіне "жарғақ құлақтары жастыққа тимей" атқарып жүрген Рамазан Мұхатайұлына, Бөрші руының



бүгінгі ұрпақтарына бас иді.

- Теңіз ауданы бұрынғы Қорғалжын ауданының жерінде құрылғаны мәлім. Осы өңірде 1932 жылға дейінгі мерзімде жүз мыңнан аса тұрғын болған. Өрісі тола мыңыраған мал-тың. Жақсы мен жайсандардың отаны болды. Ел билеген даналар, байлар мен билер, арқалы ақындар, ел мен жерін жасанып келген жаудан қорғаған батырлар да көп болды. Солардың бірі - Базар батыр. "Ер есімі - ел есінде" әбден сақталды. Ұрпақ мақтанышына айналған бүгінде Тікенекті сайында бас қосып ас берілуі, осының жанды куәсі. Менің төртінші атам Ес батырдан Әліке, Базар есімді қос батыр туыпты. Бізге жеткен хикая бойынша Ес атамды да ержүрек батыр болыпты. Ұрпаққа өнеге болу үшін жеті атамды тараға кетейін. Бөрші руы орта жүзден тарайды. Қуандық, Сүйіндік; Қуандықтан Алатау (9); Әжібай, Марқабай, Қойлыбай, Жауынбай, Аққызсекер, Бактыбай, Жақсыбай, Мәлібай, Майлыбай туады. Жақсыбайдан-Досыбай, Досыбайдан - Ес пен Назар, Естен - Әліке, Базар, Базардан - Байқан, Ахмет, Әлім, Мұсылманбек есімді бес бала болған. Менің әкем Мұсылманбектен Дәулет, Нығмет, Нығман, Дүйсенбай, Ерден және бес қыз бар. Олар қазір Баршында тұрады. Ес атам Қалмақпен соғыста ерлікпен өлген. Анасы кіші жүздегі Мамай батырдың қарындасы болса керек. Базар бабамыз XIX ғасырда, яғни 1800 жылы туып, 1898 жылы 99 жасында дүниеден өткен. Әкелері Ес өлген кезде бірі 9, келесісі 7 жаста екен. Әліке көзсіз батыр, Базар айналы батыр болатынын әкесі Ес болжап айтқан. Шынында да солай болыпты - делінген Дәулет Мұсылманбекұлы Әлімовтың естелігінде. "Қос батыр" үш жүзге аты мәлім Кенесары батырдың жақын серіктері болған. Олардың ерліктері 1885 жылғы Кенесары сұлтанның өз баласы Сыздық сұлтанның айтуымен орыс саясатшылары жазған "Кенесары туралы ұлағат" деген кітапта толық баяндалған. Базар батырдан төрт ұл тараған. Олардың есімдері Қызылбек, Аққожа, Байхан, Әлім кенже ұлы, Әлімнен Мұсылманбек менің әкем туады. Ол кісі 1991 жылы 98 жасында батыр атасының жасына келіп қайтыс болды. Әкемнен қалған он ұл-қыз - оның өмірінің заңды жалғасы болуда. Ал Әліке батырдан қалған жалғыз тұяқ - Пішенбай, Қорғалжын ауданының "Коммуна" ауылында Құмкөл мекенінде тұрады. Сөзінің соңында Базар батырдың шөбересі Дәулет Мұсылманбекұлы асқа жиналған Бөрші руының ұрпақтарын бабалар аруағы разы болатындай осы өңірдің қалың елі ұмытып бара жатқан Арқа ардақтыларын еске алып, аттарын жаңғыртып береке бірлікке шақырған "Сары-Өзен" шаруа қожалығының өкімшілігіне, ауыл өкіміне, және бабалар алдындағы ұрпақтар парызын өтеуде үлкен іс тындырған бастама көтеріп, байсалды қызмет атқарған Астана қаласы №1 автобус паркінің бас директоры Байбеков Абсамат Нұрбайұлына, Айтбай Темкенұлына, Рамазан Мұхатайұлына, Дәулет Төлеубаев бастаған шын жүйріктерге бабаларының аруағы қолдап және өз атынан үлкен ризашылық білдірді. Осындай жүрек жарды тілектерді бабаларын әспеттеп аттарын көкке көтерген ұрпақтар үшін естіген асқакалдарда бірінен соң бірі көтерілді.

Осыдан кейін "Сары-Өзен" шаруа қожалығының төрағасы Рамазан Мұхатайұлына Тікенекті сайында басқосқан дүбірлі елді, Көкбөредей қос батырды туғызған Бөрші руының ұл-қыздарын, алыс-жуықтан шақырылған қонақтарын дала сахнасында тұнық та саф ауаны қажырлы ән-салып, күй шертуге келген теңіздік көркемөнерпаздар өнерін тамашалауға шақырды. Олар жиналғандардың құлақ құрышын қандырды. Әуелі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сөзіне жазылған ҚР-ның халық артисі Тілеуханов Бекболаттың "Өз елім" әнін ағайынды ұл мен қыз Құрмановтар шырқаған кезде жүрт сілттей тұнды. Тілеубек Ысқақұлы әйгілі "Дударай" әнін, Ыбраев Канат домбырамен "Домалақ ана", "Жан бота" әндерін қалықтады. Үкілі домбыра бебеуледі. Жас әнші "Кездесу мен сырласуды" Ыбраева Ақнұр "Бір бала", әнші жігіт Қалиев Талғат "Жиырма бесті" бірінен соң бірі асқактата салған кезде, жұрт бірауық ән керуіне еріксіз ілесті. Кезінде сонау әсем Алматыдан жастарға саз аспаптарын 140 мың теңге кезінде алып келген Рамазан Мұхатайұлы дәл бүгінгі күні өзі бастап жүрген Бөршілер басқосуының сәнін келтіргеніне еріксіз разы болды-ау деймін. Клуб меңгерушісі Сәрсекеева Рысты мен Сәрсекеева Әйгерімдердің де еңбегі ерен. Көркемөнерпаздардың барлығы Әліке, Базар сынды қос батырдың үрім-бұтақтары аруақты бабаларының аруағын разы етті. Осы тұста "Партсъез" бөлімшесінен келген әншілермен бірге жетпіске келсе де өнердің өрінен Бөршілердің төрінен түспеген белгілі арқасы қозған әнші Әбілов Сүйіндік, ұлы екеуі өнерімен

жұрттың ықыласына бөленді. Жұрт Дәулет Төлеубаевтың өнеріне де сүйінді.

Сондай-ақ осы күні батыр бабаларының асында күңіретке құран оқып қол жайдырған жас молда Құрманов Асылхан Қайырбекұлы Бөршілердің болашақ молдасы екенін танытты. Төңіректен келген аға молдалар да құран бағыштады. Ас беруге жиналған жұрт үлкен қазаннан дәм татқан соң күллінен төбәрік таратты. Сары-Өзен шаруа қожалығының төрағасы Абилдин Рамазан Мұхатайұлы Бөршінің Қосбатырдың басына құлып тас орнатылып құран оқылғанын, аламан бөйге жарысы мен жау аналар жарысының жүйріктеріне, арқан тартыста күш атасын танытқан ер азаматтарға сый-сыяпат жасалды. Ат жарысының біріншілігіне "Ақалтекені" тұқымын соналылық бапкерге мінгізді. Осыдан кейінгі суырылып озған біріншіліктерге "ЛЖИ" бояулы телевизор, видеомагнитофон, қос камералы магнитофон сыйға берілді. Жас басшы бабаларымыздың көзінде көріп жүріңіздер деп Дүйсен, Дәулет, әуелі бүгінгі күннің нағыз қас батырына лайық Айтпайдың өз әкесі Темкен мен қайын атасы Мұхамеджанов, Әліке-Базарды зерттеуші зейнеткер ұстаз Өміртай Сыздықұлы, нұралық Елубаев Қуанышбек, Жабал, Қайрат (Сары-Өзен), Марат (Қара егін), Толқын (Талдысай), Қалидолола (Жанбөбек), Ахметжан (Сабынды), Елеуов, Қайырбекөв (Қара егін), Токтар, Қани, Сұлтан (Баршын) т.б. біршама асқакалдар мен бабаларының рухына бас иіп тәу етуге келіп қол ұшын берген азаматтарға алғыс айтып иықтарына оқалы шапан жауып бастарына бөрік кигізді.


Аналар жағы да құралақан қалған жоқ. Бұрынғының батырларының киіміне балап иықтарына шапан жабылған бүгінгінің қас батыры атанған Байбеков Абсамат Нұрбайұлының анасы Балқыбекқызы Орынбасар, Зықия әжеге, Мұханова Ұрқия, Рақышова Райхан, Құсайынова Бақыт, Усенова Нақып, Оразалина Алтын т.б. көптеген адамдарға қазық қамзол сыйлап естелікке ұсынды. Әліке, Базар сынды қос батырдың ұрпақтары Кенесары Қасымұлының 200 жылдық мерейтойы Көкшетау өңірінде күз айында өтетінін естігеннен кейін даңқты қолбасшының Қос батыры елуесіз қалмасын деген ниетте Бөрші руынан тараған ұрпақтары бас қосып, белгісіз жатқан бабаларының басына құлыптас орнатуы текті жердің ұрпағы тегіннен-тегін жатпайтынын аңғартты. Біз барып қайтқан батырлар жатқан Тікенекті қорымында Мөнхө әулие бастаған Әліке, Базар қостаған аруақты бабаларымыздың аты жаңғырып, аруағы аунап түсетіндей ас беріліп, бастарына құлыптас орнату, құрылтай шақырып құран оқыту, өрине, онай шаруа емес. Бардың, бүгінгінің батыр ұрпақтары нағыз бабаларына тартып, аттарын жаңғыртып жатса оларда тегін жатпай тереңде желеп-жебеп жатқан болар. Бүгінгі ұрпақ тағдыры үшін жан пида болған Әліке, Базар батыр басындағы сынтаста былай делінді:

**"Ес баласы Базар батыр, руы - Бөрші.
1800-1898"**

**Алашым Әліке-Базар батыр өткен
Батырға Әліке-Базар кім бар жеткен?"**

Ендеше осында жиналып алладан тілек тілеп, аруақтарына тәу етіп келген Бөршінің үрім бұтақтарына батыр бабаларының жасын сыйлап, игі іс тындырған ұрпақтарына сауап қылып, даңқын бергей демекпіз. "Өлі разы болмай, тірі байымайды" деген осы да.

Сөз соңында "Жеті атасын білмеген жетесіздік" тегізбей, біліп жүрсін деген ниетпен Әліке, Базар батырдан тараған қазіргі көзі тірі ұрпақтардың бірі сынаптай сырғып, бабалары тарихын жыр ғып айтқан жас азамат бүгінгі ас беруді ұйымдастырған, Сары-Өзен өңірінде қалған жалғыз тұқым Қайраттың шағын естелігін ұсынып отырмын. Досымбайдан Ес, Назар, Малкелді тарады. Естен манағы сөз сөйлеп құттықтаған көзі ашық, білікті азамат, қазір Баршындағы кара шаңырақ иесі Дәулет Мұсыл-



манбек ағамыз отыр. Ал Малкеліден Диханбай, одан Оразалы, Оразалыдан Осман, Османнан Қайырлы, Қайырлыдан Қайрат болып мен отырмын төртінші ұрпақ әкем немере, Әліке, Базарға мен шөбере, менен шөпшек 6 жасар ұлым Мәдетім батыр бабаларымыздың аруағына тәу етіп келдік. Бірауыз естігенімді айтсам, Ес батыр болған кісі. Ол калмақтармен шайқасқан нағыз қас батыр. Деректер, аңызға айналған әңгімелер көп-ақ. Ес батыр бір күні балаларын сынамақшы болып, екі баласының көзіне топырақтың астына қанжарын тыққан болады. Сон-сон екеуіне аунаңдар дейді. Сонда Базар осы жерге тықты-ау деп арқасын көтереді екен. Әліке інісі болса арқасын қайта-қайта пышақ жатыр деген жерге тигізеді екен. Сонда "Әке балаға сыншы" дегендей Ес батыр айтса керек. "Базарым ақылды, айлакер батыр болады. Әлікем болса көзсіз, ақкөңіл, аңқау батыр болады деп.

Әліке, Базар Кенесары Қасымұлының тұсында болған. Бір жорығында дем алып жатқанда, бір дәу жылан Базардың үстіне өрмелеп келе жатқанда Базар оны көріп қалып аузын аша қойған екен. Әлгі айлаһар аузына кіре бергенде, жыланның басын қыршып жулып алып түкіріп тастаса керек. Міне, ағайын осындай біртуар дара батырлардың даңқын асырып, бір қазақтың емес, бір Бөршілердің емес, інісі қазақтың мақтанышына айналған Әліке, Базар сынды батыр бабаларымыздың аруағынан айналдық. Оларды қолпаштап тар заманда жоқ деп қақсамай кеңшілікке жол ашқан "Сары-Өзен" шаруа қожалығы мен Бөршілердің игі жақсыларына бас идік.

*"Әр адамда өз анасынан басқа
Жебеп жүрер, демеу жүрер арқада
Болу керек күдіретті төрт ана
Туған жері-түп қазығы айбыны
Туған тілі-сатылмайтын байлығы
Туған дәстүр, салт-санасы тірегі
Қадамына шауақ шашар үнемі
Және туған тарихы
Еске алуға қаншама
Ауыр, әрі қасіретті болса да
Төрт анасын қорғамаған халықтың
Ешқашанда бақ-жұлдызы жамбаған"*

деген Мұхтар Шахановтың өлеңі тегін емес ағайын!

Шәмей БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ.

Суретте: "Сары-Өзен" шаруа қожалығының төрағасы, әккі ұйымдастырушы Абилдин Рамазан Мұхатайұлы мен он қолы жан серігі, ұстаз Райхан Өркешқызы; Бөршілердің ақылғой асқакалдары Құрманов Жабал мен Сатыпалды Нұралы және өз еркесі бойжеткендер; 25 шақырымдық аламан бөйгенің соналылық жұлдегері.